

«Айша» бөбекжайы

Бекітемін:

«Айша» бөбекжай меңгерушісі:

Тулеугалиева Б.Б.



Тақырыбы: «Саялы бак»



«Ботақан» кіші жас тобы тәрбиешісі: Сұлтанбек А.

2025 - 2026 жыл

«Саялы бақ»

Мақсаты: Табиғатты аялауға, ағаш пен гүлді күтіп-баптауға тәрбиелеу, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікті арттыру.

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті ұстаздар, ата-аналар және қонақтар!

Бүгінгі «Саялы бақ» атты мерекелік іс-шарамызға қош келдіңіздер! Табиғат – адамзаттың алтын бесігі. Әрбір егілген ағаш, әрбір жайқалған гүл – болашаққа қалдырылған аманат. Ендеше, табиғатты бірге аялап, жасыл әлемді қорғауға шақырамыз!

1-оқушы:

Табиғат – біздің анамыз,

Аялайық бәріміз.

Гүлін, ағашын қорғап,

Көркейтейік жеріміз.

2-оқушы:

Бақ ішінде жайқалған,

Гүлдер қандай әдемі.

Жасыл әлем мәңгілік,

Қуантады жүректі.

Ән: «Атамекен» (немесе табиғат туралы кез келген ән).

Жүргізуші:

Жасыл желек – өмірдің сәні. Бір тал кессең, он тал ек деген халқымыздың нақыл сөзі әрдайым жадымызда болуы керек.

Көрініс: «Ағаштың тілегі»

Ағаш:

Мен адамдарға сая боламын, таза ауа сыйлаймын. Бірақ мені сындырмай, күтіп-баптауды ұмытпаңыздар.

Бала:

Біз сіздерді қорғаймыз, су құйып, айналаңызды таза ұстаймыз.

Гүл:

Мен жердің көркімін. Мені жұлмай, аяласандар, айнала әсемдене түседі.

Жүргізуші:

Табиғатты қорғау – әр адамның парызы. Бүгінгі мерекеміз осы игі іске үндеу болсын.

Би: «Гүлдер биі».

Барлық балалар бірге:

Табиғатты қорғаймыз,
Жасыл бақты көбейтеміз.
Таза, көркем өлкемізді
Мәңгі бірге гүлдетеміз!

Жүргізуші:

Осымен «Саялы бақ» атты мерекелік іс-шарамыз аяқталды. Табиғатымыз
әрдайым жайқалып, еліміз жасыл желекке бөлене берсін! Келгендеріңізге
рақмет!



Анықтама

Өткен күні: 30.07.2026 жыл.

Тобы: «Еркемай» ортаңғы тобы

Іс-шараның мақсаты – білім алушылардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, қоршаған ортаны қорғауға, ағаштар мен гүлдерді күтіп-баптауға, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға тәрбиелеу.

Іс-шара барысында оқушылар табиғат туралы өлеңдер оқып, ән айтып, би биледі. Сонымен қатар табиғатты қорғаудың маңызы туралы көрініс көрсетіліп, жасыл желекті көбейту, қоршаған ортаны таза ұстау жөнінде ой-пікірлер айтылды. Қатысушылар белсенділік танытып, табиғатты аялау – әр азаматтың міндеті екенін түсінді.

Өткізілген іс-шара өз мақсатына жетіп, білім алушылардың экологиялық тәрбиесін қалыптастыруға және табиғатты қорғауға деген жауапкершілік сезімін арттыруға ықпал етті.

Қатысушылар саны: 15

Қатысқан тәрбиешілер саны: 1

Инстаграм

желісі: <https://www.instagram.com/reel/DbkWWhpqgLK/?igsh=MTc2cnVtNTZkYmZ5Nw==>